



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

## 2017 жылдың 1-ші жартысы бойынша қорытынды мәлімет

### Тарих/Қатысушылар:

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ТШО) 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.
- ТШО-ның қазіргі кездегі серіктестері: «Шеврон» – 50%, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» – 25% және «ЛукАрко Б.К.» – 5%.

### Өнім өндіру/Қорлар:

- Жалпы барланған қоры жөнінен Теңіз кенішінде 3,2 миллиард тонна (25,5 млрд. баррель), ал Королев кен алаңында 200 миллион тонна (1,6 млрд. баррель) шамасында мұнай бар деп есептеледі.
- Теңіз және Королев кеніштерінен алынатын мұнай қоры 890 миллионнан 1,37 миллиард тоннаға дейінгі мөлшерді (7,1 - 10,9 млрд. баррель) құрайды.
- Теңіз коллекторының ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль).
- ТШО 2008 жылы Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтап, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік көлемі шамамен 75 000 тоннаға немесе 600 000 баррельге, ал, табиғи газ 22 миллион текше метрге немесе 750 миллион текше футқа жетті.
- 2017 жылдың 1-ші жартысында мұнай өндіру көлемі 14,59 миллион тоннаны (116 миллион баррель) құрады.

### Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- 2000 жылдан бері ТШО қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған жобаларға 3 миллиард АҚШ доллар көлемінде қаржы бөлді.
- Қазіргі таңда ТШО өндірілген газдың 98%-дан астамын кәдеге жаратуда.
- Жабдықтың сенімділігін арттыру шараларына жұмсалған инвестициялар 2000 жылдан 2017 жылдың 1 жартысына дейінгі аралықта зауыттардағы техникалық ақаулар санын және алауда жоспардан тыс және технология бойынша шарасыз жағылатын шикі және қышқыл газ көлемін 84%-ға азайтуға мүмкіндік берді.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 70%-ға азайды. ТШО күрделі жобаларды жүзеге асыру және жабдықтардың сенімділігіне жасалған инвестициялар нәтижесінде аталған мерзім ішінде жылдық мұнай өндіру көлемін 2,5 есе арттырды.

### ТШО өнімінің өзге түрлері:

- 2017 жылдың бірінші жартысында, ТШО сұйытылған газ сату көлемін 710 мың тонна, табиғи газ сату көлемін 3,73 миллиард текше метр, ал күкірт сату көлемін 1,27 миллион тоннаға жеткізді.

### Қазақстан Республикасы үшін артықшылықтар:

- 1993 жылдан 2017 жылдың 1-ші жартысына дейінгі аралықта ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаржы төлемдері 121 миллиард АҚШ долларынан астам соманы құрады. Бұған ТШО-ның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер кіреді.
- 2017 жылдың бірінші жартысы бойынша Қазақстан Республикасына төленген тікелей төлемдердің көлемі 4,3 миллиард АҚШ долларынан асты.
- 2017 жылдың бірінші жартысында ТШО қазақстандық тауарлар мен қызметтерді пайдалануға 1 миллиард АҚШ доллары шамасында қаржы жұмсады, оның 384 миллион АҚШ доллары ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында жұмсалды.
- 1993 жылдан бастап ТШО қазақстандық компаниялардың 22,9 миллиард АҚШ долларын құрайтын тауарлары мен қызметтерін пайдаланды.



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

## 2017 жылдың 1-ші жартысы бойынша қорытынды мәлімет

### Қызметкерлерді шыңдау:

- Қазіргі таңда ТШО-да жұмыс істейтін қазақстандық қызметкерлердің үлесі 1993 жылғы 50% көрсеткішпен салыстырғанда 84% құрайды.
- ТШО-дағы жергілікті ұлттық басшылардың, жоғары және орта буын жетекшілерінің үлесі жалпы басшылық құрамның 70% құрайды. Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде жауапты басшылық лауазымдарға тағайындалған жергілікті қызметкерлер қатары көбейе түсуде.

### Әлеуметтік салаға үлес:

- 1993 жылдан бастап ТШО өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 1,3 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.
- 2017 жылдың «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрады. Аталмыш қаржының негізгі үлесі Атырау облысында балабақшалар, мектептер және басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысына жұмсалады.
- 2017 жылы Атырау облысының денсаулық сақтау және білім беру салаларына қолдау көрсету мақсатында ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасына 1 миллион АҚШ доллары шамасында қаржы бөлінді.

### Келешек кеңею жобасы - Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы

- 2016 жылы ТШО серіктестері Теңіз мұнай кен орнының өндірістік қуаттылығын арттырудың келесі кезеңі болып табылатын Келешек кеңею жобасы - Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыру жөніндегі ақырғы шешімнің қабылданғаны туралы жариялады.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ нысандарының құрылысы барынша тиімділікті арттырып, қаражатты үнемдеу мақсатында бір уақытта орындалып жатыр.
  - Өндірістік қуатты арттыру мақсатында табысты түрде жүзеге асырылған ТШО-ның алдыңғы ЕБЗ/ШГА жобасы тәжірибесін негізге ала отырып, ККЖ өндіріс қуатын жылына шамамен 12 миллион тонна немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттырып, осылайша, мұнай өндірісінің жылдық көлемін шамамен 39 миллион тоннаға немесе тәулігіне 850 мың баррельге жеткізуді көздейді.
  - ҰЕҚБЖ атқылайтын ұңғылардың ернеулік қысымын төмендетіп, қолданыстағы алты кешенді технологиялық желінің кіре берісіндегі қысымды арттыру арқылы Теңіз кен орнында жұмыс жасайтын зауыттардың толық қуатпен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ-да құрылыс және модуль жасау жұмыстарының қызған шағында шамамен 20 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында 20 мыңнан астам қазақстандықтар ел ішінде жұмысқа тартылды, бұл жобада жалпы қызмет етіп жатқандар санының 92%-н құрап тұр.
- ТШО қазақстандық жабдықтаушыларды ККЖ-ҰЕҚБЖ үшін жобалау, сатып алу және модульдерді дайындау қызметтеріне белсенді түрде жұмылдыруда. Қазіргі таңда 1800-ден астам қазақстандық компания алдын-ала іріктеуден өтті.
- Жобаның материалдық-техникалық қамту жұмыстары модульдерді теңіз бетімен 2018 жылы тасымалдауды және Теңіз кен орнында жерүсті нысандардың құрылысын бастауға бағытталып жатыр.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ жабдықтарының негізгі бөлігі Қазақстан, Оңтүстік Корея және Италияда жасалады. Модульге алдын ала құрастырылғаннан кейін олар соңғы құрастыру үшін Теңіз кен орнына жеткізіледі.
- 2016 жылдың қазан айында Маңғыстау облысында орналасқан ЕРСАЙ өндірістік алаңында құбыр эстакадаларын жасау басталып, қазіргі таңда жұмыстар жоспарға сәйкес орындалуда. Италияда газ турбиндік генераторларын жасау жұмыстары жоспарға сәйкес орындалуда.
- Жобаның логистика жөніндегі тобы модуль жеткізу кемелерін (МЖК), жүкті өткізу понтондары мен баржаларды жасау жұмыстарын жоспарланғаннан ертерек атқаруда. Вьетнам мен Румыния елдерінде МЖК құрылысы жүргізілуде. Сәуір айында Вьетнамда модульдерді тасымалдайтын алғашқы кеме, мамыр айында Румынияда Каспий теңізімен модульдерді тасымалдайтын алғашқы «Барыс» кемесі жасалып, кеме жабдықтарын жеткізу басталды.
- Жүк тасымалдау бағдары аясындағы тереңдету жұмыстары аяқталды. Жүкті түсіру терминалында жағаға жақын жерде жер қазу және бағаналар қағу жұмыстары 100%-ға аяқталды.
- Теңіз кен орнындағы инфрақұрылымды салу жұмыстары жоспарға сәйкес қарқынмен орындалуда.
- ҮБЗ және ШГАҮБ құрылыс алаңдарындағы жалпы құрылыс жұмыстары әрі қарай қарқын алуда.
- Бұрғылау қондырғыларының келуіне әзірленіп жатқан ұңғымалар алаңдарының құрылысы кестеден бұрын аяқталуда және алғашқы жоғары қысымды жинау жүйесіне арналған құбырлар мен өлшеу қондырғыларының құрылыстары жүріп жатыр.